

## Созақ ауданында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы

### *Күшін жойған*

Түркістан облысы Созақ аудандық мәслихатының 2024 жылғы 19 наурызда № 99 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 20 наурызда № 6483-13 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Созақ аудандық мәслихатының 2026 жылғы 25 ақпандағы № 244 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Созақ аудандық мәслихатының 25.02.2026 № 244 (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс) шешімімен.**

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы шешім 01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі.**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 696-3-бабының 5-тармағына сәйкес Созақ аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Созақ ауданында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде төлем көзінен ұсталатын салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салығының мөлшерлемесінің мөлшерін салық кезеңінде алынған (алынуға жататын) кірістер бойынша 4% - дан 2% - ға төмендетілсін.

2. Осы шешім 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Созақ аудандық мәслихатының төрағасы*

*О. Жәмиев*